

## Риддер қаласында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 11 наурыздағы № 173 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 наурызда № 6769 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 23 шілдедегі № 434 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 23.07.2020 № 434 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Занының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 31-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес, Риддер қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 5 ақпандағы № 1 ұсынысының негізінде, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ірі қара малдың бруцеллез ауруы анықталуына байланысты, К. Цеткин, Папанин, Урожайная көшелерінің аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Риддер қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысына тиісті іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Риддер қаласы әкімінің орынбасары Е . С. Нужныхқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Риддер қаласы әкім орынбасары*

*К. Уралбеков*